# Сыр бойы

№60 (20134)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

22 сәуір, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz





**ПРЕЗИДЕНТ**

# «БІЗГЕ САПАЛЫ СЕРПІН КЕРЕК»

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің бесінші отырысы онлайн форматта өтті.**



Жиынның күн тәртібінде бес мәселе қарастырылды. Ұлттық жобаларды әзірлеу жұмыстары жайында Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Қайрат Келімбетов баяндама жасады. «Цифрлық Қазақстан» ұлттық жобасының трансформациясы туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин айтты. Ауылшаруашылығы министрі Сапархан Омаров агроөнеркәсіп кешенін 2026 жылға дейін дамытудың ұлттық жоспары дайындалып жатқанын мәлім етті. Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев «жаңадан» реттеу тетіктерінің енгізіліп жатқаны жөнінде хабарлады. Жоғары Сот төрағасы Жақып Асанов пен Президент Әкімшілігінің Басшысы Ерлан Қошанов құқық қорғау және сот жүйесін реформалау жайындағы ұсыныстарын баяндады.

Жиынға қатысушылардың баяндамаларын тыңдаған Президент реформалардың стратегиясын дайындау перспективаларына кеңірек тоқталды. Мемлекет басшысы әр баяндама бойынша ескерту айтып, нақты тапсырма берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық жобалар күрделі және бірін-бірі қайталамауы қажет екеніне баса назар аударды. Олар негізгі міндеттерді шешуге бағытталып, күш-жігер мен ресурстар «осында және қазір» қағидаты бойынша жұмылдырылуы тиіс.

– Жобаларды іріктеудің нақты әдістемелік базасы болуы керек. Ол қандай да бір ұлттық жобаның кешенді әлеуметтік-экономикалық тиімділігін ескеруі қажет, құжат түсінікті болуы тиіс. Субъективтілікке жол берілмейді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ұлттық жобалар барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз етіліп, бюджеттен қаржыландыру кезінде сөзсіз басымдыққа ие болуы тиіс екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы өзінің Реформалар жөніндегі жоғары кеңестегі орынбасары Сэр Сума Чакрабартиге және оның командасына ұлттық жобаларды сараптау бойынша атқарған жұмыстары үшін алғыс білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ұсыныстар экономика, әлеуметтік сала және мемлекеттік басқару бойынша реформаларды жүзеге асыру барысында негізгі база ретінде қолданылуы мүмкін.

«Цифрлық Қазақстан» ұлттық жобасы бойынша Бағдат Мусиннің жаңалықтар енгізу туралы баяндамасы оң бағаланды. Президент цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасындағы ұсыныстарды және «DigitEL» ұлттық жобасын мақұлдады.

Президент агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2026 жылға дейінгі ұлттық жобасы туралы да пікірін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл құжаттың ауқымдылығын атап өтіп, оған саланың бүкіл бағыттары енгізілгенін және онда барлық ықтимал шаралар қамтылғанын жеткізді. Оның айтуынша, баяндамадағы бірқатар бағыттар Агроөнеркәсіп кешенін дамыту тұжырымдамасына кіруі тиіс еді. Мемлекет басшысы ұлттық жоба түйінді мәселелерді шешуге бағытталып, қолданыста қолайлы болуы қажеттігіне тоқталды. Жалпы алғанда, Президент агроөнеркәсіп кешенін дамытудың базалық тәсілдерін қолдады.

2-бет

**22 СӘУІР**

• 1997 жылы әкімшілік-аумақтық құрылымды оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Талдықорған және Торғай облыстары таратылды.

• 1997 жылы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесін одан әрі реформалау шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы күннен бастап Қазақстанда әскери полиция қызметі басталды.

• 2012 жылы Женевада Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі бойынша жұмыс тобының 11-отырысы өтті. АҚШ, Қытай, Бразилия, ЕО, Сауд Арабиясы, Түркия, Мексика, Пәкістан, Жапония, Швейцария, Үндістан, Аргентина және т.б. мемлекеттер Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуын қолдады.

• 2018 жылы Бейжіңде қытай ғалымдары мен студенттерінің қатысуымен қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына орай «Жалынмын мен, жанамын...» атты жиын өтті. Студенттер қазақ және қытай тілдерінде ақын өлеңдерін оқып, лингвист ғалымдар Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы, оның қазақ әдебиетіне және қазақ мәдениетінің шетелде мойындалуына ықпалы туралы ойларымен бөлісті.

• 2019 жылы И.Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университетінде атақты қазақ ғалымы, академик Қаныш Сәтбаевтың аудиториясы ашылды.

**23 СӘУІР**

• 2004 жылы елордада Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы құрылды.

• 2009 жылы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгерістер енгізуге қол қойды. Заң Наурыз мейрамын мерекелеу күндерін наурыздың 21-нен 23-не дейін ұлғайтуды және Қазақстан Республикасы күнін мерекелеуді алып тастауды көздейді.

• 2010 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында «Телелифт» жүйесі орнатылды. Бұл – Орталық Азиядағы алғашқы осындай кітапхана. Соның арқасында қорда сақтаулы тұрған кітаптар бірнеше минуттың ішінде оқу залына жеткізіледі.

• 2018 жылы Бейжіңде «Балдырған» балаларды дамыту орталығының ресми ашылу рәсімі өтті. Бұл – шетелдегі қазақ тілінде білім беретін алғашқы жеке орталық.

**ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ**

# «ҚЫЗЫЛ АЙМАҚ» ЖӘНЕ ҚАТАҢ ТАЛАП

**Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен өңірлік жедел штаб отырысы өткізілді. Жиынға әкім орынбасарлары, құқық қорғау және арнайы органдардың басшылары, салалық басқарма басшылары мен аумақтық департамент, инспекция басшылары және селекторлық режимде қала, аудан әкімдері қатысты.**



Аймақ басшысы індеттің өрши түсуінен Қызылорда облысы «қызыл аймақ» қатарына енгенін айтып, сақтық шараларын күшейту амалдарын қайта қарап, вакцина салдыруды белсенді жүргізу қажеттігін ескертті.

– Аймағымызда эпидемиологиялық жағдай күрделенуде. Бүгіннен бастап облысымыз «қызыл аймаққа» кірді. Тәулігіне 50-ден астам жағдай тіркеліп, жаппай қайта жұқтыру қаупі белең алды. Резервтегі төсек-орындар, дәрі-дәрмектердің және қорғаныш құралдарының қоры, медициналық бұйымдардың қажеттілік саны дайын болу керек.

Індетті жеңудің жолы – сақтық шараларын күшейтумен қатар жаппай вакцинациялау. Жерлестерімізді жауапкершілік пен тәртіпті нығайтуға шақыруымыз қажет, – деді облыс әкімі.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов өңірдегі жағдайдың қазіргі сипатын баяндады.

Облыста індет жұқтырған 4890 адамның 86 проценті жазылған. Ал, пневмониямен ауырған 548 науқастың 447-сі емделіп шықты.

Қазіргі таңда стационарларда 715 төсек-орын ұйымдастырылған. Егер індет күшейген жағдайда, инфекциялық және провизорлық стационарларда төсек-орын қорын 3200-ге дейін ұлғайтуға мүмкіндік бар. Оның 518 орны орталықтандырылған оттегімен жабдықталған.

Індет ахуалына сәйкес тәуекел топтағы адамдар да ерекше бақылауда. Ол үшін 138 дәрігерлік мобильдік топ үйден ем жасауға көшті.

Өңірде екпе егу өз деңгейінде жүргізілуде. Бүгінгі күні вакцинаның I компонентінің 21100 дозасынан 20945 адамға егілсе, II компоненттегі 16100 дозаның 5108-не екпе жасалды. Қалған 10 992 доза кестеге сәйкес жасалады.



Жиында облыстық санитарлық эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенова, облыстық полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Шамшадин Амитов салалар бойынша ахуалды баяндады.

Шектеу шараларына сай талапты сақтау мақсатында құрылған мобильді топ құрамына 108 полиция жұмылдырылған. Арнайы топ жыл басынан 216 карантин талаптарын бұзу дерегін анықтады. Оның ішінде 144 дерек тойханалар мен үй жағдайларында жиын өткізу, 49 ойын-сауық мекемесінде, 22 дүкенде карантин талаптарын бұзу дерегі орын алған.

Облыс әкімі індет көрсеткіштерінің көбеюіне орай қоғамдық орындарда, халық көп шоғырланатын нысандарда рейдтік шараларды қатаң түрде күшейтуді тапсырып, мониторингтік топ жұмысының белсенділігін арттыруды міндеттеді.

Жиында облыстық медициналық және фармацевтикалық қадағалау департаментінің басшысы Ғалия Байменова дәрі-дәрмек қорын толықтыру туралы, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова халық арасында індеттен сақтану, вакцинаның қажеттілігі туралы ақпараттық материалдар қорын топтастыру бағытындағы жұмыстарды атап өтті.

Сала басшыларының індетпен күрес жүргізудегі іс-әрекетін електен өткізген облыс әкімі денсаулық сақтау басқармасының басшысына барлық медициналық мекемелердегі төсек-орындарға ревизия жасап, тұрғындар арасында вакцинациялау жұмыстарын күшейтіп, қосымша егу пунктерін ашуды жүктеді. Сондай-ақ, облыстық санитарлық эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысына екпе жұмыстарын жүргізу барысында «Мұздай тізбек» ережелерінің сақталуын бақылауды, коронавирус инфекциясына қарсы барлық медициналық мекемелердің дайындығына мониторинг жүргізіп, нәтижесін баяндауды тапсырды.



# «ASHYQ»: Қауіпке қалқан бола ма?

**Жыл бұрын пандемия деп жарияланған індет біз ойлағаннан да ұзаққа созылуда. Бірде бәсеңдеп, бірде өршіген коронавирус көңілдегі күдікті сейілтпей тұр. Жұрттың ойы – вирус жұқтырып алмауда. Ниет дұрыс, дегенмен нақты қадам да керек. Індет күшейгенде «тезірек вакцина табылса екен» деп едік, «екпе егу басталды» дегенде сенімсіздік те бас көтерді. Сан сауалдың болуы орынды. Қазір COVID - 19-дың бетін қайтарудың екі амалы бары жиі айтылуда. Бірі – екпе егу, екіншісі – жаппай локдаун жариялау. Бірақ екіншісінің қолайсыздығы, жұмыс орындарындағы өзгерістер, оқшаулану, кәсіпкерлік нысандарының жабылуы адамдар тіршілігіне де, экономикаға да тиімсіз екені бірден байқалды.**

**Әлем қауіпсіздікті күшейтудің жолын ғылым мен цифрлы технологиядан іздеуде. Бұған қатысты елімізде де жаңалық бар. Қаңтарда үш қаланың кәсіпкерлік нысандарына пилоттық режимде енгізілген «Ashyq» жобасы Сыр елінде де іске қосылды.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»**

## «Ashyq» коронавирустан қалай қорғайды?

Жобаның мақсаты – кәсіпкерлік нысандарында коронавирустың таралуына жол бермеу, қауіптің алдын алу. Қарапайым түрде айтсақ, бұрын орталыққа кірер алдында тек дене қызуымызды өлшеп, антисептикпен қарсы алса, енді арнайы QR код арқылы ковид-статусымызды анықтайды. Ол үшін кәсіпкер «Ashyq» жобасына қосылған болуы керек. QR код тек бизнес субъектісіне беріледі. Ал келуші өзінің телефонына «Ashyq» мобильді қосымшасын жүктеп алғаны дұрыс. Сонда қосымшаның көмегімен телефон нөмірі бойынша авторизациядан өтіп, ЖСН дерегін теріп, өзінің бұл орталыққа келгенін растау үшін нысанның QR кодын сканерлейді. Бар болғаны 2-3 минуттық жұмыс. Сканерлеген соң, телефон экранына нәтиже шығады, оны әкімшіге көрсетесіз.

Келуші ПТР тест тапсырып, вирус анықталған болса, мобильдік қосымшада қызыл түс, егер науқас адаммен байланыста болған болса, сары түс көрінеді. Мұндайда орталыққа кіре алмайсыз. Ал, егер сізде індет белгісі болмаса, базада ПТР тестілеуі теріс нәтиже көрсеткен болса, жасыл түс жанады. Ал көк түс шықса, бұл статусқа ПТР міндетті болып саналатын орындардан (мысалы әуежай) басқа жерлерде жүріп-тұруға шектеу қарастырылмаған. Демек, телефоныңыздағы қосымша жасыл немесе көк түсті көрсетсе, әкімші дене қызуыңызды тексеріп, нысанға кіруге рұқсат береді.

4-бет




# ІНДЕТ КҮШ АЛЫП КЕТТІ

**Тұтас әлемді дүрліктірген COVID-19 вирусымен жаппай күрес жүруде. Бірер күн бұрын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басшысы Тедрос Гебрейесус пандемияны бірнеше айдың ішінде бақылауға алу үшін арнайы құралдар пайдаланылатынын айтты.**

**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»**

Сонымен бірге маман бүкіл әлемде вирустың 25-59 жас аралығындағы адамдар арасында таралуының қауіпті қарқыны барын жасырмады. Қазір әлемде инфекцияға шалдығу қарқыны сегізінші апта қатарынан өсуде. Біздегі ахуал да алаңдатарлық, көрсеткіш көңіл көншітпейді.

Елімізде 38997 адам коронавирус инфекциясынан емделуде, олардың ішінде 13836 пациент стационарда, 25161 науқас амбулаториялық деңгейде емін жалғастырып жатыр деген дерек бар. Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласында коронавируспен реанимацияда жатқан науқастардың көптігін алға тартты. «Күнделікті мониторингке сәйкес, өңірлер шегіндегі бос емес төсек-орындар саны республика бойынша инфекциялық төсек-орындардың 41, ал реанимациялық төсек-орындардың 27 процентін құрайды» деді министр.

2-бет

**ЖОБА ЖӘНЕ БАСТАМА**

# ЖОЛАУШЫЛАР ТЕРМИНАЛЫ КЕҢЕЙТІЛЕДІ

**Биыл «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысы бойынша жұмыстар басталады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Дамир Тілеуов мәлімдеді.**

– Қазіргі таңда әуежайдың жаңа жолаушылар терминалы құрылысы жобасын іске асырудың тиімді нұсқасы – қолданыстағы әуежай терминалын кеңейту. Ол үшін жергілікті бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, жобасметалық құжаттама әзірленді. Қазір ол мемлекеттік сараптамадан өтуде. Аталған жұмыстар бітсе, терминалдың көлемі қазіргіден екі есеге, яғни, шамамен 1400 шаршы метрге кеңейеді. Ал кеңейтілген әуежай терминалында барлық халықаралық стандарт талаптарына сай жолаушыларға қызмет көрсетуге қажетті жағдайлар қарастырылатын болады, – деді ол.

Нақты кезеңде «Қорқыт Ата» әуежайы арқылы аптасына 23 тұрақты рейс қатынайды. Оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласына – 10, Алматыға – 13 рейс. Жалпы, биылғы жылдың 3 айында әуежайдан 32,1 мың жолаушы жөнелтілді.

Айта кетейік, «қызыл аймақ» жағдайында әуежайға кіріп-шығу талаптары күшейтіліп, жолаушыларды шығарып салушылар мен күтіп алушыларды терминалға кіргізу шектелетін болады.

**«СБ» ақпарат**

# «БІЗГЕ САПАЛЫ СЕРПІН КЕРЕК»

Талқылау қорытындысы бойынша Үкіметке жобаны пысықтау тапсырылды.

Мемлекет басшысы «жаңадан» реттеу тетіктері туралы баяндамаға қатысты пікір білдіріп, елге қуатты, бәсекеге қабілетті жеке бизнес керек екенін атап өтті. Ол ұлттық экономиканың және халықтың әлауқатын арттырудың негізі болуға тиіс.

– Заң жобасына енгізілетін нормалар нақты жұмыс істеуі керек. Реформалардың мәні мен маңызын қашыратын мүдделер қайшылығына жол бермеу қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент құқықтық реформалар туралы айта келіп, әділ сот төрелігін қамтамасыз ету мақсатында сот жүйесін біртіндеп және жүйелі жаңғыртудың маңыздылығын атап өтті.

– Бұл құқықтық мемлекеттің аса маңызды көрсеткіші, инвестициялық тартымдылықтың, жеке меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етудің негізі. Сот жүйесін реформалаудың жаңа тәсілдері судьялардың тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға тиіс. Реформалар қоғамның соттарға сенімін күшейтуі, сотқа жаңа кәсіби мамандарды тартуға ынталандыруы, сот процестерінің тиімділігі мен қолайлылығын арттыруы қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы әзірленген тетіктер сот саласына құқықтың жекелеген бағыттары бойынша мықты заңгерлер мен мамандарды тартуға мүмкіндік беретінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселе Парламентте азаматтық қоғам өкілдері мен заңгерлердің қатысуымен ашық әрі жан-жақты талқылануы керек деп санайды. Ол тиісті заң жобасын биыл қабылдауды тапсырды.

– Бұл реформа өте маңызды. Ол Қазақстанның заманауи және тиімді мемлекетке трансформациялануына бағытталған жұмыстардың басын біріктіреді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қылмыстық процесті реформалау туралы айтып, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың басымдығын атап өтті.

– Ол үшін прокурорлар мен адвокаттардың сотта сөз жарыс жүргізуіне шынайы жағдай жасалуы, сот шешімдеріне шағымдану мүмкіндіктерінің кеңейтілуі, бірыңғай сот практикасы қамтамасыз етілуі тиіс. Соттың қорытынды үкімі процеске қатысушыларға да, жалпы қоғамға да түсінікті болуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев саяси, сот, экономикалық және әлеуметтік салалардағы барлық өзгерістерді шетелдік әріптестерімізге сауатты жеткізу керектігін айтты. Аталған жұмысты Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкіл Ержан Қазыханға үйлестіруді жүктеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы инвестициялық дауларды шешу мәселесін қозғады. Осы ретте Үкіметке биылғы жылдың 1 тамызына дейін Сэр Сума Чакрабартидің баяндамасында айтылған мәселелерді жан-жақты қарастыруды тапсырды. Бұл жұмысты үйлестіру Президент Әкімшілігіне жүктелді.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев алдымызда Қазақстанды трансформациялау және жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар тұрғанын айтты.

– Бізге сапалы серпін керек. Ол үшін бәріңізді жүйелі және тиімді жұмыс істеуге шақырамын, – деді Мемлекет басшысы.

1-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ



# ҮШЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМ

**Облыс әкімдігі, «Астана» Халықаралық қаржы орталығының» Жасыл қаржы орталығы» және «Еуразия даму банкі» арасында «Қызылорда облысында жасыл және әлеуметтік жобаларды іске асыруға бағытталған өзара тиімді ынтымақтастық орнату» туралы меморандум жасалды. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова бұл келісімнің өңірдегі экологияны, «жасыл» және әлеуметтік жобаларға үлкен қолдау болатынын сөз етті.**

– Президент тапсырмасына сәйкес Үкімет 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының тұжырымдамасын әзірлеуде. Оларды жүзеге асыру ғылым мен бизнестің әлеуетін біріктіруді, сондай-ақ қоғамның мемлекетпен, халықаралық ұйымдармен жүйелі диалог орнатуын талап етеді. «Астана» халықаралық қаржы орталығының» еншілес ұйымы «Жасыл қаржы» орталығының бас директоры Айдар Қазыбаев, «Еуразия даму банкі» басқарма төрағасының орынбасары Аманкелді Исенов Қызылорда облысында «жасыл» және әлеуметтік жобаларды іске асыруға бағытталған өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға келіп отыр. Біздің өзара әріптестігіміз тиімді нәтиже береді деп үміттенеміз, – деді облыс әкімі.

Шарада Айдар Қазыбаев ынтымақтастық аясында Сыр өңірінде бірнеше жобаны жүзеге асыруға ниетті екенін жеткізді.

– Біздің орталық әлеуметтік жобаларды дамытумен ғана шектелмейді, өзге де ірі жобаларды жүзеге асырамыз. Бүгінгі меморандум аясында біз «Еуразия даму банкімен» бірлесіп, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі арқылы Қызылорда облысында «жасыл» және әлеуметтік жобалардың санын ұлғайтуды көздейміз. Сондай-ақ Арал өңіріндегі экологиялық жобаларды іске асыру мәселесінде де жәрдемдесуге ниеттіміз. Өңірде ауылшаруашылық саласы маңызға ие, сондықтан біз осы салаға көп көңіл бөлеміз. Табиғи энергия көздерін де дамытуға күш саламыз, – деді ол.

Аманкелді Исенов меморандум шеңберінде облыстың экономикалық әлеуетін арттыру бағытында біршама жұмыстың атқарылатынын айтты.

Үшжақты ынтымақтастықтың жобасы мен маңызы талқыланғаннан соң облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов, «Астана» Халықаралық қаржы орталығының» Жасыл қаржы орталығының Бас директоры Айдар Қазыбаев және «Еуразия даму банкі» басқарма төрағасының орынбасары Аманкелді Исенов маңызды құжатқа қол қойды.

# ТАПСЫРМА СОЗБАЛАҢҒА САЛЫНБАЙ ОРЫНДАЛУЫ ҚАЖЕТ

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен облыстық әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үшжақты комиссия отырысы өтті.**

Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Нақты айтсақ, еңбек қарым-қатынастарының жағдайы, еңбек дауларын алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар, кәсіпорындардағы орын алған қысқартулар және қабылданып жатқан еңбекпен қамту шаралары талқыланды.

Бірінші мәселе бойынша облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Төрахмет Жолымбетов баяндады. Еңбек жанжалдарын уақытылы болжау және жол бермеу бойынша мониторингтік топ құрамы бекітілген. Резонанстық жағдай туындауы мүмкін кәсіпорындар туралы ақпараттар белгіленген тәртіпте Еңбек Министрлігі жанынан құрылған Ахуалдық орталыққа күнделікті хабарланып отырады.

«ПетроҚазахстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «CNEC» ЖШС, «ТузкольМунайГазОперейтинг» ЖШС-ында туындаған мәселелер шешімін тапты. «ҚуатАмлонМұнай» БК ЖШС ұжымының жұмыскерлері арасында наразылық белгілерінің қалыптасуы байқалды. Осыған орай, компания басшылығына жұмыскерлердің жалақысын көтеру мәселесіне қатысты ұсыныс берілді.

Сонымен қатар «Қызылорда су жүйесі» мен «Қазалы-су сервис» кәсіпорнында еңбек құқықтарының бұзылу фактісі бойынша арыздар тіркелген. Бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылуда.

Аймақ басшысы еңбек саласындағы мәселелер бойынша бірқатар тапсырма берді.

– Қызылорда қаласының және Қазалы ауданының әкімдері облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы, облыстық кәсіподақтар орталығымен бірлесіп, жалақының мерзімінде төленуін қатаң бақылауға алып, шиелініске жол бермеу бағытында жедел әрекет ету шараларын қабылдасын. Облыстық еңбек саласындағы бақылау және индустриалды-инновациялық даму басқармалары «ҚуатАмлонМұнай» компаниясының ұжымындағы ахуалды бақылауда ұстап, нәтижесін хабарласын. Әрбір кәсіпорында адами капитал бірінші орында болу қажет. Жұмысшылармен кездесіп, түсіндіру шараларын күшейтіңіздер. Серік Сүлейменов пен Нұрлан Тілешевке облыстағы кәсіпорын мен мекемелердегі еңбек ұжымындағы ахуалды қатаң бақылауда ұстауды жүктеймін, – деді облыс әкімі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақова баяндады.

Облыс бойынша бірқатар кәсіпорындарда қызметкерлерді қысқарту орын алуда. Осыған орай, аудан және қала әкімдіктері тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту бойынша тиісті жұмыстар атқаруда.

Облыста 37 ірі және орта кәсіпорындар тізімі анықталып, 30 кәсіпорынмен 2017-2025 жылдарға арналған қызметкерлердің ағынын басқару бойынша Жол карталары бекітілген.

2016 жылдан бастап облыстағы жұмыс берушілермен бірлесе отырып, әлеуметтік шиеленістің алдын алу, жұмыс орындарын сақтап қалу мақсатында ынтымақтастық туралы 3208 кәсіпорынмен меморандум жасалып, оған 54 мыңға жуық адам қамтылды.

Облыс әкімі Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, басқарма басшыларына берілген тапсырма созбалаңға салынбай уақытында сапалы орындалу қажет екенін баса айтты.

– Жұмыстан қысқартылғандарды белсенді шараларға тартып, бірінші кезекте тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету қажет. Аудандық әлеуметтік әріптестік жөніндегі үшжақты комиссияны апта сайын өткізу қажет. Қызметкерлердің жұмыспен қамтылуы, еңбек құқықтары мен кепілдіктерін сақтау және өндірістің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою жұмыстары 30 сәуірге дейін аяқталсын. Тапсырма орындалмаған жағдайда жауапкершіліктері қаралады. Осы тапсырмалардың орындалуын бақылауды Балжан Шәменоваға жүктеймін, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

# ЖЕҢІМПАЗДАРҒА ЖІГЕР БЕРГЕН ЖҮЗДЕСУ

**Осы жылдың 13-17 сәуір аралығында Алматы қаласында күрес түрлерінен өткен Азия чемпионатында жерлестеріміз Айдос Сұлтанғали грек-рим күресінен Азия чемпионы атанса, әйелдер күресінен Асылзат Сағымбай қола жүлде иеленген болатын. Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Айдос Сұлтанғали, Асылзат Сағымбаймен кездесіп, жеңісімен құттықтады.**

– Биыл облыс спортшылары әлемдік ареналарда көптеген жоғары табыстарға қол жеткізіп, Тәуелсіз еліміздің мәртебесін асқақтатуда. Спортшылардың жеңісі Сыр жастарына жігер беріп, жаңа биіктерге жетелейді. Қазіргі коронавирус пандемиясы кезеңіндегі уақытша шектеулерге қарамастан, спорттық нысандарды салу жұмыстары атқарылуда. Бұл ретте, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 5 спорт кешені және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 5 спорт кешенінің құрылысын осы жылы бастау жоспарланған. Жыл басынан бері облыс спортшылары ел чемпионаттары мен кубоктарында 329 медальды жеңіп алса, ірі халықаралық жарыстарда 12 медальға қол жеткізді. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шеберлері, боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен балуан Дәулет Ниязбеков Токио Олимпиадасына лицензия алды. Бұл – Сыр спортының мерейі, – деді облыс әкімі.

Кездесуде Айдос Сұлтанғали спорттағы жетістіктерін одан әрі



жетілдіріп, мұнан да жоғары белестерді бағындыруға ниетті екенін айтты. Ал, Асылзат Сағымбай жастарға қолдау білдіріп, олардың сүйікті ісімен айналысуына жағдай жасаған аймақ басшылығына ризашылығын білдірді.

Спортшыларды жарысқа дайындаған бапкер Ғабиден Райымбек өңірде спорт саласында атқарылып жатқан жұмыс жастардың жолын ашып, үлкен мақсаттарға жетелейтінін сөз етті.

– Спортшыларға еңбекпен қатар әркез қолайлы жағдай қажет. Бұл ретте облыста жақсы мүмкіндік қарастырылған. Сол үшін алғыс білдіремін. Осы демеулердің арқасында спортшыларымыз бәсекелерде топ жара береді деп сенемін, – деді Греко-рим күресінен ҚР-ға еңбегі сіңірген жаттықтырушы Ғабиден Райымбек.

Кездесуде облыс әкімі Айдос Сұлтанғали мен Асылзат Сағымбайға қаржылай сертификат тапсырып, естелік суретке түсті.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# ІНДЕТ КҮШ АЛЫП КЕТТІ

Үкімет басшысы Асқар Мамин де жағдай күрделі, бірақ бақылауда екенін баса айтты. Осыған байланысты Премьер-Министр бірқатар тапсырма берді. Әкімдіктер Денсаулық сақтау, Ішкі істер министрліктерімен, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, мобильді мониторингтеу топтарының белсенді қатысуымен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауын қамтамасыз етуі керектігіне тоқталды. Халықты, әсіресе қамтылуы төмен өңірлерде вакцинациялауды күшейту, сәуір айының соңына дейін және ай сайын 2 млн адамды вакцинамен қамтамасыз ету жөніндегі жоспарды нақты орындау керек.

Қазір өңірлерде індетпен күрес күшейтілген. Дегенмен, кеше тағы екі облыс «қызыл аймаққа» ауысты. Оның ішінде Қызылорда да бар. Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті осыған дейін COVID-19 инфекциясының 4890 дерегі есепке алынғанын мәлімдеп отыр. Жыл басынан бері 1498 жағдай анықталса, соның 846-сы сәуір айының 20 күнінде тіркелген. Өткен тәулікте ауру жұқтырудың тағы 47 жаңа жағдайы есепке алынды. Еліміздің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 25 наурыздағы №12 қаулысына сәйкес, шектеу шараларын қатаңдату эпидемиологиялық жағдай күрделенген жағдайда 5 күн ішінде жүргізіледі. Бұл ретте облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова көзге көрінбейтін тажалдың кез келген сәтте қатер төндіретінін ұмытпауға шақырып, үндеу жариялады.

– Жергілікті мекемелердің, халыққа қызмет көрсету орындарының басшылары вирус тез тарайтын, адамдар тығыз жиналатын орындарда, ғимараттарда халықтың сапырылысын реттегені жөн. Денсаулық алдымен өзімізге керек. Сондықтан, әрбір адам өзіне ғана емес, отбасына, туған-туысына, айналасындағы адамдарға зиян тигізбеуі тиіс. Той-томалақ, ас беру, басқа да көпшілік жиындарды жақсы күндерге қалдырайық. Денсаулық бәрінен қымбат екенін ұмытпағанымыз жөн. Қымбатты жерлестер, қауіпті індеттің ұзаққа созылмасы үшін қарапайым қағидаттарды ескеріп, өзімізге асқан жауапкершілікпен қарап, карантин талабына бағынуға шақырамын, – деп жазды аймақ басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Шынында, халық босаңсыған тұста кесел қайта күшіне мінді. Оның үстіне облыста коронавирустың балалар арасында кең етек жайғаны алаңдатады. Жыл басынан бері 14 жасқа дейінгілер арасында 345 бала қатерлі індетке шалдыққан. Ал, былтыр 213 жағдай тіркелген болатын. Эпидемиологиялық зерттеу нәтижесі көрсеткендей, өткен жылы балалар арасында COVID-19-дың симптомсыз түрі анықталған болса, бүгінде дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, құрғақ жөтел сияқты клиникалық белгілер тіркелуде. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандары биыл 238 мектеп оқушысы вирус жұқтырғанын мәлімдеді. Көрсеткіштер бойынша 16 сәуірде 37 оқушы ауруға шалдыққан. 14, 15 сәуір күндері 19 жағдай кездескен. Барлық ауру ошағында індетке қарсы залалсыздандыру, профилактикалық шаралар жүргізілді. Жақын қарым-қатынаста болғандардың барлығы 14 күнге медициналық бақылауға алынып, ауру тіркелген сыныптар карантинге жабылған.

Індетпен күрес оңайға соқпай тұр, жоспарлы вакциналау жұмыстары жалғасуда. Мәліметтерге сүйенсек, облыс бойынша 1-19 сәуір күндері аралығында 20627 тұрғынға COVID-19 жұқпасына қарсы екпе жасалған. Екпе алған тұрғындар дәрігерлер бақылауында, мамандар олардың денсаулық жағдайына шағым жоқ екенін айтады. Дәріханаларда да халықтың қажеттілігін қамтамасыз етететін әрі кеселге қарсы дәрілік заттар қоры жеткілікті. Тағы бір жаңалық, биыл Covid-ке қарсы препараттардың бағасы 27 процентке төмендеді. Ол қалтаға былтырғыдай салмақ салмайтын болады. Дәрі бағамын қалыпты ұстау үшін арнайы мониторингтік топ жұмысын жалғастырмақ. Ал, тұрғындар тарапынан тек сақтық пен қауіпсіздік қажет.

1-бет

*ЖОБА*

# ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЕКТІ БӨЛШЕК САУДА БАҒАЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8-бабына, «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы №282 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11245 нөмірімен тіркелген) және Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту жөніндегі комиссия отырысының 2021 жылғы 16 сәуірдегі №06-4/2008 хаттамасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі**
**Г. ӘБДІҚАЛЫҚОВА**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы «___»__________ № _____ қаулысына
қосымша

**ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЕКТІ БӨЛШЕК САУДА БАҒАЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ**

| № | Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының атауы | Өлшем бірлігі | Мөлшері | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ақ қауданды қырыққабат | 1 килограмм | 85 теңге | 90 күн |

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жәшігі» орналасқандығын және 605401 нөмірі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

Электронды мекен-жай: kyz_oblmaslikhat@mail.kz

**Қызылорда облыстық мәслихаты лауазым иелерінің азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ**

| Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның тегі, аты-жөні | Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы | Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы | бейсенбі сағат 15.00-17.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1 | 605401 |
| Ідірісов Бақытжан Жеткерұлы | «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» ММ басшысы | сейсенбі сағат 15.00-17.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1 | 605399 |

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8 (7242) 605401 байланыс телефоны арқылы хабарласуға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1 мекен-жай бойынша келуге болады.

**Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі**

**2021 жылғы 14 сәуір №23 Қызылорда қаласы**

**кезектен тыс 3-сессия**

# «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №519 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 519 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7938 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 398 052 055,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 24 327 180,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3 877 067,6 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 9 371,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 369 838 436,5 мың теңге;

2) шығындар – 403 511 723,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 3 810 348,1 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 15 622 008,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 811 659,9 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 531 188,4 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 531 188,4 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -9 801 204,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 9 801 204,5 мың теңге.»;

4-тармақ жаңа мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

«16) 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электрстанциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысқан адамдарға әлеуметтік көмек.»;

6-тармақ жаңа мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) коммуналдық шаруашылықты дамыту.»;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне облыстық бюджет есебінен 2021 жылға арналған нысаналы несиелердің бөлінуі Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

1) тұрғын үй жобалау және (немесе) салу;

2) Жұмыспен қамту жол картасы аясында инфрақұрылымдық жобаларды дамыту.»;

жаңа мазмұндағы 10-1, 10-2 тармақтармен толықтырылсын:

«10-1. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде инфрақұрылымды жобаларды дамыту бойынша жұмыспен қамту Жол картасын және тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін 2021 жылға бағалы қағаздар шығару арқылы облыстың жергілікті атқарушы органымен қарыз алуы мақұлдансын.

10-2. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға 2020 жылға бөлінген, пайдаланылмаған несиелердің түсімі 178 443,2 мың теңге сомасында көзделсін.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

**Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 3-сессиясының төрағасы І.ТІЛЕП**

**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Н.БАЙҚАДАМОВ**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Қызылорда облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 16.04.2021
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 120000-120008-8299 болып енгізілді

Қызылорда облыстық мәслихатының
2021 жылғы 14 сәуірдегі № 23 шешіміне қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының
2020 жылғы «11» желтоқсандағы 51-сессиясының
№ 519 шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған облыстық бюджет

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| | | | 1. Кірістер | 398 052 055,1 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 24 327 180,0 |
| | 01 | | Табыс салығы | 12 217 465,0 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 12 217 465,0 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 10 887 232,0 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 10 887 232,0 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1 222 483,0 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 1 144 099,0 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 78 384,0 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 3 877 067,6 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 1 079 648,6 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 10 536,0 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 37 483,0 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 1 031 629,6 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 797 419,0 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 797 419,0 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 9 371,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 9 371,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 9 371,0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 369 838 436,5 |
| | 01 | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер | 92 447 156,5 |
| | | 2 | Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер | 92 447 156,5 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 277 391 280,0 |
| | | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 277 391 280,0 |
| Функционалдық топ | | | | |
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | Бағдарлама | | |
| | | | Атауы | |
| | | | 2. Шығындар | 403 511 723,1 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 3 141 440,4 |
| | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 62 658,0 |
| | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 60 988,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 670,0 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 1 931 998,4 |
| | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 437 942,4 |
| | | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 473 085,0 |
| | | 009 | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу | 20 971,0 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 120 261,0 |
| | | 001 | Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 118 704,0 |
| | | 009 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 1 557,0 |
| | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 167 876,0 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 167 876,0 |
| | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 141 702,0 |
| | | 075 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 141 702,0 |
| | 269 | | Облыстың дін істері басқармасы | 139 832,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 40 154,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 449,0 |
| | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 98 229,0 |
| | 282 | | Облыстың тексеру комиссиясы | 224 614,0 |
| | | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 224 614,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 3 812,0 |
| | | 061 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 3 812,0 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 147 036,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 147 036,0 |
| | 718 | | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы | 77 283,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 77 283,0 |
| | 730 | | Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоныр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы | 124 368,0 |
| | | 001 | Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоныр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 124 368,0 |
| 02 | | | Қорғаныс | 1 455 296,5 |
| | 296 | | Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы | 1 322 926,1 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 60 358,0 |
| | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 11 997,0 |
| | | 005 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 208 236,0 |
| | | 007 | Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы | 112 943,0 |
| | | 014 | Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | 665 537,1 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 263 855,0 |
| | 287 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы | 132 370,4 |
| | | 002 | Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары | 132 370,4 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 8 334 079,0 |
| | 252 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 8 276 417,0 |
| | | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 6 450 383,0 |
| | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 826 034,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 57 662,0 |
| | | 053 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу | 57 662,0 |
| 04 | | | Білім беру | 185 358 314,8 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 735 683,0 |
| | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 76 065,0 |
| | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 579 353,0 |
| | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 80 265,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 172 008 712,1 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 574 415,0 |
| | | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 1 440 504,0 |
| | | 004 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру | 83 003,0 |
| | | 005 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 965 348,0 |
| | | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 1 567 278,0 |
| | | 007 | Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 92 086,0 |
| | | 011 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 419 885,0 |
| | | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 419 827,0 |
| | | 019 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 34 000,0 |
| | | 025 | Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 6 434 298,0 |
| | | 029 | Әдістемелік жұмыс | 400 271,0 |
| | | 052 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау» | 3 093 767,0 |
| | | 055 | Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру | 2 790 784,0 |
| | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 142 340,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 3 110 169,1 |
| | | 068 | Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыру қамтамасыз ету | 2 616,0 |
| | | 080 | Нұрсұлтан Назарбаев Қорының «EL UMITI» талантарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру | 46 119,0 |
| | | 082 | Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру | 79 309 974,5 |
| | | 083 | Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру | 54 376,0 |
| | | 085 | Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 2 876 948,0 |
| | | 086 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 1 366,0 |
| | | 087 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі | 264 469,0 |
| | | 202 | Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 27 650 434,5 |
| | | 203 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға | 40 234 434,0 |
| | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 4 965 352,0 |
| | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 4 495 926,0 |
| | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 469 426,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 7 648 567,7 |
| | | 011 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 402 277,7 |
| | | 012 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 5 787 657,5 |
| | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1 458 632,5 |
| 05 | | | Денсаулық сақтау | 7 626 867,6 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 5 049 841,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 165 980,0 |
| | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 232 975,0 |
| | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 39 240,0 |
| | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 158 871,0 |
| | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 60 183,0 |
| | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 44 291,0 |
| | | 023 | Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау | 29 250,0 |
| | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 2 127 117,0 |
| | | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары | 43 429,0 |
| | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 1 113 109,0 |
| | | 039 | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі | 134 289,0 |
| | | 041 | Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету | 300 338,0 |
| | | 042 | Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу | 872,0 |
| | | 050 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 599 897,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 2 577 026,6 |
| | | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 2 577 026,6 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 22 396 910,0 |
| | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 21 768 605,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 125 143,0 |
| | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 381 312,0 |
| | | 003 | Мүгедектерге әлеуметтік қолдау | 1 187 211,0 |
| | | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 094 564,0 |
| | | 014 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 431 038,0 |
| | | 015 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 495 719,0 |
| | | 018 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 105 436,0 |
| | | 046 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту | 11 355,0 |
| | | 053 | Кохлеарлық имплантқа дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету | 115 115,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 32 111,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 17 789 601,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 506 291,0 |
| | | 015 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 205 486,0 |
| | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 79 381,0 |
| | | 084 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындармен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 91 840,0 |
| | | 092 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 129 584,0 |
| | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 51 822,0 |
| | | 077 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 51 822,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 1 339,0 |
| | | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 1 339,0 |
| | 295 | | Облыстың еңбек саласындағы бақылау басқармасы | 68 853,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер | 68 853,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 7 198 986,7 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 7 198 986,7 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 254 480,2 |
| | | 032 | Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау | 3 361 800,0 |
| | | 038 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту | 477 233,8 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 3 105 472,7 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 8 578 251,3 |
| | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 1 614 705,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 241 130,0 |
| | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 231 785,0 |
| | | 007 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 1 065 222,0 |
| | | 010 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 69 316,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 7 252,0 |
| | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 3 024 674,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 71 567,0 |
| | | 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 167 655,0 |
| | | 007 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 750 439,0 |
| | | 008 | Театр және музыка өнерін қолдау | 850 077,0 |
| | | 009 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 249 889,0 |
| | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 321 668,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 94 373,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 519 006,0 |
| | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 2 771 725,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 286 979,0 |
| | | 002 | Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу | 107 192,0 |
| | | 003 | Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы | 2 346 547,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 31 007,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 212 611,3 |
| | | 024 | Спорт объектілерін дамыту | 40 594,0 |
| | | 027 | Мәдениет объектілерін дамыту | 172 017,3 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 30 180,0 |
| | | 010 | Туристік қызметті реттеу | 30 180,0 |
| | 743 | | Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы | 924 356,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 318 550,0 |
| | | 008 | «Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету | 586 282,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 19 524,0 |
| 09 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 1 863 084,7 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 1 863 084,7 |
| | | 007 | Жылу-энергетикалық жүйені дамыту | 53 341,0 |
| | | 071 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 1 809 743,7 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 15 754 279,0 |
| | 251 | | Облыстың жер қатынастары басқармасы | 193 114,0 |
| | | 001 | Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 48 375,0 |
| | | 003 | Жер қатынастарын реттеу | 144 739,0 |
| | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 2 523 225,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 103 641,0 |
| | | 003 | Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 68 532,0 |
| | | 005 | Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру | 1 260 793,0 |
| | | 006 | Жануарлар дүниесін қорғау | 23 462,0 |
| | | 008 | Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар | 762 191,0 |
| | | 022 | Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту | 190 100,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 90 000,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 24 506,0 |
| | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 11 311 435,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 146 268,0 |
| | | 002 | Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 145 530,0 |
| | | 006 | Басым дақылдардың өндірісін субсидиялау | 1 374 190,0 |
| | | 008 | Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау | 576 065,0 |
| | | 014 | Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау | 435 857,0 |
| | | 018 | Пестицидтерді залалсыздандыру | 2 286,0 |
| | | 029 | Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар | 149 905,0 |
| | | 034 | Тауарлық балық өсіру өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау | 8 400,0 |
| | | 035 | Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру | 200 000,0 |
| | | 046 | Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу | 429,0 |
| | | 047 | Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау | 1 951 280,0 |
| | | 050 | Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу | 2 080 236,0 |
| | | 051 | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау | 168 460,0 |
| | | 053 | Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 2 553 746,0 |
| | | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | 1 267 558,0 |
| | | 059 | Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау | 20 291,0 |
| | | 060 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру» | 200 031,0 |
| | | 061 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау» | 30 903,0 |
| | 719 | | Облыстың ветеринария басқармасы | 1 651 092,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 93 722,0 |
| | | 009 | Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру | 12 860,0 |
| | | 010 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 56 697,0 |
| | | 011 | Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу | 22 638,0 |
| | | 012 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу | 71 477,0 |
| | | 013 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 24 439,0 |
| | | 014 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 1 066 666,0 |
| | | 028 | Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер | 3 476,0 |
| | | 030 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру | 226 544,0 |
| | | 031 | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізу) | 6 213,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 66 360,0 |
| | 725 | | Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы | 66 491,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 66 491,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 8 922,0 |
| | | 020 | Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту | 8 922,0 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 10 257 367,5 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 10 175 696,5 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 123 001,0 |
| | | 004 | Қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 52 196,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 2 969 529,0 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 7 030 970,5 |
| | 724 | | Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы | 81 671,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 81 671,0 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 16 046 992,3 |
| | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 16 046 992,3 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 86 782,9 |
| | | 002 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 3 190 990,0 |
| | | 003 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 383 674,0 |
| | | 005 | Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау | 182 547,0 |
| | | 025 | Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 329 105,0 |
| | | 028 | Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру | 2 857 458,0 |
| | | 051 | Әуе көлігінің инфрақұрылымын дамуы | 32 500,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 5 110 392,8 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 3 873 542,6 |
| 13 | | | Басқалар | 7 688 033,0 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 710 166,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 710 166,0 |
| | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 242 949,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 242 949,0 |
| | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 140 256,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 140 256,0 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 563 280,0 |
| | | 012 | Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві | 563 280,0 |
| | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 3 750,0 |
| | | 003 | Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 3 750,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 1 101 291,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 1 101 291,0 |
| | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 37 635,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 37 635,0 |
| | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 53 793,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 53 793,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 811 247,0 |
| | | 037 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту | 3 608,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 807 639,0 |
| | 280 | | Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы | 82 180,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 82 180,0 |
| | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 242 797,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 242 797,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 457 862,8 |
| | | 051 | «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту | 341 653,8 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 116 209,0 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 3 156 495,2 |
| | | 005 | «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау | 11 025,0 |
| | | 006 | «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау | 1 905 558,0 |
| | | 008 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 13 146,5 |
| | | 015 | «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру | 1 117 075,7 |
| | | 027 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру» | 39 690,0 |
| | | 082 | «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру | 70 000,0 |
| | 743 | | Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы | 84 331,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 84 331,0 |
| 14 | | | Борышқа қызмет көрсету | 1 699 974,6 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 1 699 974,6 |
| | | 004 | Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету | 1 691 223,6 |
| | | 016 | Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 8 751,0 |
| 15 | | | Трансферттер | 106 111 845,7 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 106 111 845,7 |
| | | 007 | Субвенциялар | 95 893 342,0 |
| | | 011 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 883 153,7 |
| | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 9 335 350,0 |
| | | | 3. Таза бюджеттік кредиттеу | 3 810 348,1 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 15 622 008,0 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 5 358 085,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 1 764 232,8 |
| | | 088 | Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру | 1 764 232,8 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 3 593 852,2 |
| | | 088 | Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру | 3 593 852,2 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 7 003 321,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 7 003 321,0 |
| | | 009 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру | 7 003 321,0 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 2 982 102,0 |
| | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 1 000 000,0 |
| | | 037 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру» | 1 000 000,0 |
| | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 1 982 102,0 |
| | | 007 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер | 1 982 102,0 |
| 13 | | | Басқалар | 278 500,0 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 278 500,0 |
| | | 069 | Облыстық орталықтарда, моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру | 278 500,0 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 11 811 659,9 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 11 811 659,9 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 11 633 216,7 |
| | | 2 | Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару | 178 443,2 |
| | | | 4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 531 188,4 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 531 188,4 |
| 13 | | | Басқалар | 531 188,4 |
| | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 49 000,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 49 000,0 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 34 449,4 |
| | | 005 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 34 449,4 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 147 739,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 147 739,0 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 300 000,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 300 000,0 |
| 6 | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0,0 |
| | | | 5. Бюджет тапшылығы (профициті) | -9 801 204,5 |
| | | | 6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 9 801 204,5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімі | 16 851 883,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 16 851 883,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар | 13 591 281,0 |
| | | 2 | Қарыз алу келісім-шарттары | 3 260 602,0 |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 8 740 307,0 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 8 740 307,0 |
| | | 008 | Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу | 5 206 155,0 |
| | | 015 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 3 534 152,0 |
| 8 | | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 1 689 628,5 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 1 689 628,5 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 3 186 980,6 |
| | | 2 | Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары | 1 497 352,1 |

# «ASHYQ»: Қауіпке қалқан бола ма?

Егер клиенттің қолында смартфон болмаса немесе қосымшаны жүктеу қиындық туғызса ше? Мұндайда қызметкер келушінің ЖСН-ы арқылы нысанға кіргенін тіркеп алады.

Осы орайда, «статусты қалай белгілейді?» деген сұрақ туындайтыны рас. Мәліметке сүйенсек, статусты ақпараттық жүйелермен сәйкестендіру негізінде ПТР зерттеулердің бірыңғай интеграциялық порталы және Денсаулық сақтау министрлігінің COVID-19 басқару орталығы береді.

Ең бастысы, бұл қосымша – отандық өнім. «Ashyq» мобильді қосымшасын Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырысымен отандық IT компания жасаған.

### Ковид-статус қай нысандарға барғанда керек?

Осы айда облыста алғашқы кәсіпкерлік нысан жобаға тесттік режимде қосылды. 13 сәуірде облыстың Бас санитарлық дәрігері шығарған қаулыда «Ashyq» жобасы аясында компьютерлік клубтар мен боулингтерге жұмыс істеуге мүмкіндік берілді. Айта кету керек, пандемия салдарынан еркін жұмыс істей алмаған кәсіпкерлік салаларынан басқа, өткен жылдың наурызында жабылғаннан кейін іске қосылмаған бизнес орталықтары да бар. Соның бірі компьютерлік клубтар еді. Сондықтан ұсынысты алғашқы болып қабылдаған кәсіпкердің бірі – Жасұлан Әбуов.

Кәсіпкер басқаратын «IGame» компьютерлік клубына барып, мобильді қосымша арқылы статус

1-бет

анықтап көрдік. Жасұлан Әбуовтың айтуынша, карантин жұмысқа едәуір шығын әкелген. Өткен жылы енгізілген төтенше жағдайдан соң 15 адамды жұмыспен қамтып отырған клуб қызметін тоқтатқан. Ғимараттың иесі 2 ай жалдау ақысынан босатқанымен, кейін кәсіпкер ғимараттың ақысымен бірге кейбір қызметкерлердің де жалақысын төлеп келген. Шамамен 8 млн теңгедей шығынға ұшыраған. «Ashyq» жобасына қосылғаннан кейін ғана бір жылдан астам уақыт жабық тұрған клубтың жұмысы қайта жанданды.

Облыста мұнан өзге 6 кәсіпкерлік субъектісі жоба бойынша тесттік режимде қызметін бастады. Олардың үшеуі компьютерлік клуб болса, қалғандары – «Жібек жолы» кинотеатры, балалар бассейні және боулинг орталығы.

Енді боулинг, компьютерлік клубтар «Ashyq» жобасына қосылған болса ғана келушілерге есік аша алады.

– Кәсіпкерлердің жобаға деген қызығушылығы жоғары. Себебі кей кәсіпкерлік субъектілері эпидахуал күрделеніп, өңір «қызыл аймаққа» түскен жағдайда да жұмысының тоқтамағанын қалайды. «Ashyq» жобасының негізгі мақсаты да осы – кәсіпкерлерге кедергісіз жұмыс жасауға мүмкіндік беру, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов.

### Медициналық дерек құпия сақтала ма?

Жоба туралы естігендердің көпшілігі бұл адам құқығына қол сұғу болып саналмай ма, «ПТР тесттің нәтижесі, вирус жұқтыру туралы ақпарат дәрігерлік құпия емес пе?» деген сауал қояды. Палатаның сайтын қарағанымызда бұл сұраққа «Жоқ, өйткені қосымша ерікті саналады, ЖСН дерегі келушінің келісімімен енгізіледі. Бұдан бөлек, Денсаулық туралы кодекстің 273-бабына сәйкес «құпия мәліметтерді адамның келісімінсіз беру айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралу қатері кезінде рұқсат етіледі» деп жазылған. Ал, «Атамекен» облыстық кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Гүлнұр Құрмантаевамен сөйлескенімізде, медициналық мәліметтер сыртқа таратылмайтынын айтты.

### Кәсіпкер не үшін шығарылуы мүмкін?

Жобамен танысқасын, егер кәсіпкер өз мүддесі үшін келушінің статусын QR-кодпен тексермейақ нысанға кіргізуі мүмкін ғой деген ой келді. Қадағалау кімнің міндеті? Палатаның сарапшысы бұл орайда жобаға қатысушы кәсіпкерлік нысандарды мониторингтік топ тексеріп отыратынын атап өтті. Мониторингтік топ жобаға қатысуға қойылатын талаптардың бұзылу фактісін анықтаған жағдайда және нысан келушілерді 3 күннен астам уақыт тексермесе, кәсіпкер жобадан шығарылады. Бұл ретте олардың жұмысы да тоқтайды.

### Көк статус нені білдіреді?

«Ashyq»-қа қатысты мынадай да пікірлер бар. Егер осы уақытқа дейін ПТР тест тапсырмасаңыз, базада болмасаңыз, QR кодты сканерлегеніңізден кейін көк статус шығады. Демек, орталыққа кіре аласыз. Бірақ адам өзі де білмеуі мүмкін. Бойында вирустың жасырын белгілері болса ше? Көк түс жанғанымен, келуші сол уақытта ауырып тұрған болса деген ойымызды маманға айттық. Ол жауапты қызметкер келушінің дене қызуын да өлшейтінін алға тартты. Сондай-ақ, бұл мобильді қосымша бақылаудың бір түрі ғана екенін жеткізді.

Антонина Масленникова есімді тұрғын да «Бүгін ПТР тест тапсырдым, нәтижесі жақсы, ал ертеңіне ауырып қалдым. Бірақ «Ашық» қосымшасында маған жасыл статус беріледі. Бұл қалай болғаны? Әлде белгілі бір кезеңде тест тапсыру керек пе?» деген пікір қалдырыпты.

Қосымшаға қатысты осындай екіұдай пікірлер де бар.

### Басқа елдерде бар ма?

Шет мемлекеттер де мұндайда қамсыз отырмайтыны белгілі. Біздегі қосымшаның басқа елде аналогы бар ма деп іздеп көрген едік. Бүгінде QR код қолдану практикасы Оңтүстік Шығыс Азия елдері – Гонконг, Сингапур, Малайзияда кең қолданыста. Балама құралдар басқа елдерде де қолданылуда.

Уикипидия дерегінше, індет басталысымен вирустың таралуын төмендету үшін шет елдер түрлі ресми мобильді қосымшаларды іске қоса бастаған. Олар негізінен ауру ошақтарын анықтауға көмектеседі. Айталық, Австралия өткен жылдың сәуір айынан бастап COVIDSafe қосымшасын іске қосты. Сол сияқты Бахрейнде – BeAware Bahrain, Колумбияда – CoronApp, Сингапурде – TraceTogether, Норвегияда Smittestopp қосымшалары пайдаланыла бастады.

Не десек те, бұл қосымшалар – қауіпсіздікті күшейтудің бір тәсілі. Отандық өнім де көрінбейтін жаумен күресте көмек берері анық, дегенмен, жетілдірер тұстары бар секілді.

# Instagram: ТОП-7 аккаунт

**«Қандай кітап оқисың?» деп сұрасаң, ойланып қалатын жастар көп. Сондықтан күні-түні әлеуметтік желіде отыратын бүгінгі буыннан «Instagram-да кімді оқисың?» деп сұраған дұрыс секілді. Бір қызығы, қазір үлкен де, кіші де желіге «байланды». Дәлелі – Instagram-да арзан әзіл, мағынасыз вайнмен-ақ миллион оқырман жинаған блогерлер. Бірақ соның арасында бір саланы тұрақты түсіндіріп, сапалы контент қалыптастырған блогерлер бар. Instagram қолданушылары үшін шолу жасап, пайдалы аккаунттарды ұсынуды жөн көрдік.**

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Әлем елдерін аралап, көргенін көркем түрде жеткізе алатын саяхатшы, медиамаманның бірі – Өркен Кенжебек. Айтуынша, осы кезге дейін 40-тан астам елге сапарлаған. @Orkeni аккаунты әлем елдерінің тарихы мен қазіргі жағдайын салыстырып беретін ақпараттарымен пайдалы. Тілі жеңіл, мазмұны қызық. Юмор аралас постты оқи отырып, біраз дерекпен танысып үлгергеніңді де аңғармай қаласың. Айталық, бір жазбасы былай басталады: «Дубайдан алатын үлгі. Сонда барғандардың сторисінен Dubai moll-дың ішіндегі сарқыраманы көретінмін. Онда – төмен құлдилап бара жатқан жігіт пошымдас мүсіндер. Бұл не деп қоятынмын. Сөйтсем, інжу-маржан іздеушілер екен ғой... Дәл осы тұста арабтарға басымды идім. Неге? Дубай біз білетін ертегіге айналмай тұрып, мыңдаған жыл маржан табумен аты шыққан еді. Ал бұның қаншалықты қиын кәсіп екенін білсеңіз... Тұзды су. Жоғары қысым. Жыртқыш акула. Қаншамасы содан ерте соқыр, жастай саңырау боп қалатын. Сосын бір маржанды табу мүмкіндігі жүзге бір ғой. Бір түйір маржанды табу үшін кемі жүз ракушканы ашып көру керек... Маржанның бір өзі қазынаға 95% түсім әкелетін. Осылай 1930-1940 жылдарға дейін жалғасты. Қашан жапондар жасанды маржан тапқанға дейін. Бітті. Бірден Дубайдың табысы алпыс есеге азайып кетеді. Әл-қуаты түседі. Экономикасы тәлтіректейді. Осылай отыз жыл тарыққаннан кейін барып мұнай шықты ғой. Сонымен, атакәсібіне әлемдегі ең үлкен сауда орталығының ішінде құрмет көрсетіп, бар қонақ көретіндей тартымды жасай білгенін айтам да. Біз малшылыққа, қойшыларға осындай құрмет көрсете алдық па? Жоқ» дейді ол. Тарихқа қызықпайтындардың өзі оқып кететіндей жазба. Автор жеңіл юморды да сол үшін қолданатын секілді.

Ал, енді әрбір адам үшін маңызды мәселенің бірі баспана жайына келейік. Қанша табыс тапсаң да, қаржылық сауатың болмаса қиын. Тұрғын үй бағдарламалары туралы білім жетіспесе, амалын таппай, жалақы жетпей, мүмкіндігің бола тұра үйсіз жүруің мүмкін. Сарапшы, экономист Дәулет Мұқаевтың @Dauletten аккаунтында баспаналы болудың жолдары түсіндіріледі. Тұрғын үйге қатысты бағдарлама, ипотека, базалық мөлшерлеме туралы банк менеджерінің айтқанына түсіне қоймасаңыз, бұл парақшаға көз қырыңызды салып қойыңыз. Бүгінде парақшаға жазылушылар саны 1 миллионнан асқан.

«Банк қызметкері мен алаяқты қалай ажыратуға болады?», «Несие рейтингі», «Кәсіподақтан бас тартсам, премия төлемей ме?» деген сынды сұрақтар кез келген адамда болуы мүмкін. Несиеге қатысты білім бүгінде бәріне керек. Сондықтан қаржылық сауаттылыққа қатысты ақпаратпен танысу үшін @gulmiraqarasai парақшасын шолып шығуға болады.

Интернеттің иіріміне түсіп, цифрландырудың игілігін көріп жүрсек те, әлі күнге телефон таңдарда Samsung пен Iphone-ның қайсысы жақсы, ноутбуктың қандайын алу керек дегенге ойланатынымыз, блокчейн мен биткойнның не екенін шатастыратынымыз рас. Қымбат смартфонымыз болғанымен, функцияларын дұрыс білмейтініміз де жасырын емес. Әйтпесе, жаңа технологиялардың мүмкіндігі біз ойлағаннан да жоғары. IT саланың жілігін шағып, майын ішпесеңіз де, соңғы жаңалықтармен таныс болам десеңіз @ timurbektur аккаунтына жазылуға болады.




Ал, эстетика, саяхат туралы жиһангез блогер, психолог Динара Болаттың жазбалары көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Өзіндік ойымен ерекшеленетін блогердің өткен жылы пандемияға қарамастан, тылсым табиғат, жыртқыш жануарларын көзбен көру үшін Кенияға сапарлауы оқырмандарын таңғалдырды. «Өмірге шексіз ғашық» кітабының авторы философиялық ойларымен оқырмандарын сергек сана, жылы жүректің иесі болуға ұмтылдырады.

Өзгеріс ойдан басталатынын әрбір аудармасы айқындап тұратын журналист, аудармашы Шынар Әбілданың да Instagram-да өз оқырманы қалыптасқан. Бастысы, өз өмірін жарнамалаудан аулақ. @ShinarAbilda парақшасынан ізгілікке шақыратын әңгіме, «жып-жылы» жазбаларды оқып, ой түйесің.

Бүгінде дәмді асты әзірлеп қана қоймай, сапалы фото, видео арқылы рецептпен бөлісіп, аудиториямен мықты байланыс жасай алатын фудблогерлерге де сұраныс жоғары. Желідегі үздік кондитердің бірі, жерлесіміз фудблогер – Әсел Жұматай. Оның @zhumatayassel аккаунтына 1 миллионнан астам оқырман жазылған.

Айта кету керек, қазір «Instagram: қолыңнан келсе, кәсіп қыл» дейтіндей. Сондықтан оқырманға пайдалы контент жасауды жауапкершілігіне алған бұл блогерлердің арасында ақылы сабақ өткізетіндері де бар. Біздің мақсат – оларға жарнама жасау емес, оқырманға бағыт көрсету.

# Қолайсыздық қалай туындады?

**«Бастау Бизнес» жобасы жеке табыс көзін тауып, кәсіпкерліктің қыр-сырын меңгергісі келетіндерге арналған. Бірақ оған қатысуға ынталы қызылордалықтар жобаның көп ұзамай басталатынын білген бойда қалалық жұмыспен қамту мекемесіне көптеп ағылды. Бұл туралы әлеуметтік желілер мен отандық телеарналарда көрсетілді. Мәселеге байланысты мекеме басшысы біздің басылымға түсінік берді.**

**РЕДАКЦИЯДАН**

2021 жылдың 20 сәуірінде Қызылорда қалалық жұмыспен қамту мекемесінде жұмыссыз азаматтарды «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері бойынша оқыту үшін 535 тұрғынға жолдама берілді.

Бұған дейін «Атамекен» ҰКП-ның фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасында 26 сәуірде жоба аясында курстың басталатыны хабарланды. Осыған орай мекеменің фейсбуктегі «Baqytty Otbasy Qyzylorda Qalasy» парақшасында 20 сәуір күні «Атамекен» ӨКП-ға оқуға жолдама берілетіні туралы пост жарияланды.

Бүгінгі күні аталған жолдаманы алуға келгендердің шамадан тыс көптігі мекеменің қалыпты жағдайда жұмыс істеуіне кедергі келтірді. Осыған байланысты полиция қызметкерлерін қосымша жұмылдыра отырып, қызмет көрсету сапасын ретке келтіру, карантин талаптарын сақтау туралы түсіндіру шаралары атқарылды. Алайда, тұрғындар тарапынан этикалық нормалар бұзылып, тәртіптің сақталмауынан бірнеше құқықбұзушылық дерегі тіркелді.

Жоғарыда аталған курсқа сұраныстың көптігіне байланысты алдағы уақытта қосымша талдау жүргізіліп, оқыту жоспарын ұлғайту туралы ұсыныс берілді. Нәтижесі қосымша хабарланады.

**Жақсылық ТӨЛЕГЕНОВ,
«Қызылорда қалалық жұмыспен қамту» КММ директоры**

ЖАҢА ЖОБА

# «Музей радиосын» тыңдаңыз



**Облыстық тарихи-өлкетану музейі «Музей радиосы» тарихи-танымдық жобасын қолға алды. Жоба Сыр елінің археологиясы, тарихы, этнографиясы, музыкасы және таңғажайып табиғаты туралы қызықты ақпарат беруді көздейді.**

Қазақстан музейлері арасындағы тұңғыш жобаның алғашқы хабарына айтыс өнерінің ақтаңгері Мұхтар Ниязов қонақ болды. Жобаның «Музей қонақтары» айдарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің филолог-ғалымы Күлшат Қамзаева, тарихшы ғалым Сағат Тайман, мәдениет саласының үздігі, қолөнер шебері Жәнібек Маханбет, тарих ғылымдарының докторы, археология профессоры Виктор Зайбертпен сұхбат өтті.

– Музей тарихи жәдігерлерді сақтап отыратын қойма ғана емес, зерттеп-зерделеп, халыққа насихаттайтын ғылыми институт десек, Сыр өңірінің тарихы мен әдебиетінен, өнері мен мәдениетінен ғылыми дәйектелген мәлімет беретін бұл жобаның берері мол. Хабарларды облыс әкімдігінің, мәдениет басқармасының және тарихи-өлкетану музейінің YouTube, Facebook әлеуметтік желі парақшаларында көруге болады. Аудио форматта, подкаст түрінде де қолжетімді, – дейді жоба авторы Әйгерім Беккұлиева.

Музейдің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің қызметкерлері жобаның тұрақты қонағы болып, сұхбат беруде. Осы уақытқа дейін Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық Жанкент, Кескен Күйік, Сырдарияның орта ағысындағы Сығанақ қалашығы туралы толық ақпарат ұсынылды.

Сонымен қатар, жарысқазан, асар, қазан шегелеу сынды ұмыт қалған салт-дәстүрлер насихатталды. Қызылорда қаласының ежелгі атаулары және географиялық орналасуы, облыс флорасы мен фаунасы, Арал тағдыры мен табиғаты жайлы мол мағлұмат берілді.

**«СБ» ақпарат**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70–00–52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E–mail: smjarnama@mail.ru

### Жарамсыз деп есептелсін

Қызылорда облысы «Інжілдік Сенім Мәсіхшілерінің» Сенушілер Қауымы» Жергілікті Діни Бірлестігі (БСН 130340020714) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

### Хабарландыру

Қазалы аудандық сотында 26.02.2021 жылы Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылының тұрғыны Балғатай Серікбол Нағашыбайұлының өзінің ағасы Балғатай Жақабай Нағашыбайұлын хабарсыз кетті деп тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалған. Осыған байланысты, 20.11.1961 жылы туған, жұмыс орны жоқ, азамат Балғатай Жақабай Нағашыбайұлының жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Қызылорда облысы, Қазалы аудандық сотына (тел: 8 72 42 (27-8-02) немесе полиция органдарына ол туралы хабарлауды ұсынады.

### Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нурекеевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2021 жылдың 13 сәуірінде қайтыс болған азамат Жубанов Шакизада Избасаровичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23-15- 88, 8-777-271-51-48.**

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті ұжымы және сала ардагерлері департамент қызметкері Смағұлова Бидаш Әбітайқызына анасы

**Ақпанбетқызы Асылкүлдің**

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі бұрынғы жұмыскері-зейнеткер

**Сейітов Қуантқанның**

дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасына, бауырлары мен жақын туыстарына орны толмас ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 27683 Тапсырыс №571 | Кезекші редактор Сара АДАЙБАЕВА